

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНІҢ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Түйіндеме

Мақалада қазақ және әлем әдеби байланыстары сөз болады. Қазақ әдебиеті коммуникативтік қарым-қатынас нәтижесінде өзге халықтардың әдебиеттерімен де байланысты. Ең бірінші, жиі байланысты түркі халықтарының әдебиеттерімен, орыс әдебиетімен, сонымен қатар ағылшын әдебиетімен байланысын атап өткіміз келеді. Алғашқы кезде қазақ-ағылшын әдеби байланыстары орыс әдебиеті арқылы жүргізілді. Себебі ағылшын тіліндегі көркем туындылардың аудармалары орыс тіліндегі аударма нұсқасы негізінде жүзеге асырылып жатты. Сондықтан да тікелей байланыс емес, ортадағы делдал әдебиет арқылы байланыс орнатылған еді. Бірақ соңғы жылдары, яғни XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басында ағылшын тіліндегі көркем әдебиетті тікелей аудару қолға алынды. Осылайша қазақ және ағылшын әдебиетінің өзара байланысы жаңа сипат алды. Қазақ және әлем әдебиетінің байланыстары жүзеге асып жатты. Сонымен қатар, негізінен, прозалық шығармалар көбірек аударылды. Поэзиялық туындылар бүгінгі күнде тікелей аударылып жатқан жайы бар. Мақалада прозалық шығармалардың аударылуы негізіндегі байланыстар сөз болады.

ULUSLARARASI TÜRK
DÜNYASI ARAŞTIRMA-
LARI DERGİSİ
INTERNATIONAL
JOURNAL OF TURKISH
WORLD STUDIES
CILT 5 / SAYI 1 / OCAK
2022

Sorumlu Yazar

Corresponding Author

Қарылғаш
АБИЛДАЕВА
(Жетекші ф.ғ.к.,
профессор Әбдіқалық
К.С.)

Қазақ ұлттық қыздар
педагогикалық
университетінің
докторанты, [abildaeva-
va.00@mail.ru](mailto:abildaeva.00@mail.ru)

Gönderim Tarihi

Received
12.01.2022

Kabul Tarihi

Accepted
29.01.2022

Atıf

АБИЛДАЕВА,
Қарылғаш (2022).
“Қазақ Және Әлем
Әдебиетінің
Байланыстары”,
*Uluslararası Türk
Dünyası Araştırmaları
Dergisi*, (5/1), 87-96.

ARAŞTIRMA MAKALESİ
RESEARCH ARTICLE

Тірек сөздер: қазақ әдебиеті, ағылшын әдебиеті, әлем әдебиеті, көркем аударма, әдеби байланыс

RELATIONS BETWEEN KAZAKH AND WORLD LITERATURE

Abstract

The article deals with Kazakh and world literary relations. As a result of communicative communication, Kazakh literature is also connected with the literature of other peoples. First of all, we would like to note the connection with the literature of the Turkic peoples, Russian literature, as well as English literature, which is often connected. At first, Kazakh-English literary relations were conducted through Russian literature. Because translations of works of art in English were carried out on the basis of the Russian translation version. Therefore, communication was established not through direct communication, but through mediated literature. But in recent years, i.e. at the end of the XX century and the beginning of the XXI century, a direct translation of fiction into English has been started. Thus, the relationship between Kazakh and English literature has acquired a new character. The connection between Kazakh and world literature was carried out. In addition, mostly prose works were translated more. "I don't know," he said. The article will focus on the links underlying the translation of prose works.

Keywords: *Kazakh literature, English literature, world literature, literary translation, literary communication*

Кіріспе

Қазақ және әлем халқы ғасырлар бойы мәдени, әдеби кеңістікте айырықша тығыз байланыста өмір сүріп келеді. Бұл үдеріс әр дәуірде әртүрлі сипат алды, мысалы кеңестік заманда коммунистік идеологияның, социалистік реализмнің қағидалары негізінде қалыптасты, сонымен қатар әдеби аудармалар да гуманистік бағыттағы шығармалардың аударылуымен сипатталды. Ал қазақ елінің бүгінгі 30 жылдық тәуелсіздігі кезеңінде тарихи-қоғамдық жағдайдың ауысуынан, әдебиеттің идеялық-эстетикалық мазмұнының күрт өзгеруінен әдебиетаралық қарым-қатынас мәселесі жаңаша шешім таба бастады. Осыған сәйкес әлем әдебиетінің қазақ тіліне аударылуы, сонымен қатар қазақ әдебиетінің әлем тілдеріне аударылуы – қазақ және әлем әдебиетінің байланыстарын көрсетеді.

Әр ұлттың әдебиеті даму өзге ел әдебиеттерімен қарым-қатынасқа түседі. Олардың арасында мазмұндық, пішіндік ауыс-түйістер болып жатады. Көп жағдайда бұл факторлар әдебиеттің дамуына оң әсер етеді. Сондықтан бір әдебиеттің басқа әдебиеттермен араласуға ынтықтығын, құлшынысын әдебиетшілер қолдап, қолпаштап отырған.

XX ғасырдың соңғы ширегінде қазақ және әлемдік әдеби байланыстарда күрделі құбылыстар, сапалық өзгерістер мол болды. Бұл қазақ әдеби байланыстарының ішінара жоспарлы, белгілі бір дәрежеде жүйелі түрде ұйымдастырылған кезеңі болды. Әдебиеттер арасындағы көркемдік-эстетикалық ортақ мәселелермен қоса, ұлттық әдебиет төңірегіндегі жалқы мәселелер көріне бастады. Қазақ-орыс әдеби байланыстары түрлі формаларда жүзеге асып, қос ұлттық әдебиеттердің арасында байланыстар ішкі де сыртқы да факторлар арқасында қарқынды жүрді. Қазақ және ағылшын әдеби байланыстары XX ғасырда тікелей байланыс болмады деп айтуымызға негіз бар. Себебі бұл кезеңдегі ағылшын тіліндегі көркем туындылар ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аударылмады. Орыс тіліне аударылған ағылшын әдеби шығармалары қазақ тіліне аударып барып, оқырман қауымға ұсынылды. Осы себептен орыс тіліндегі аудармасы негізінде қазақ тіліне аударылғандықтан, орыс тілін транстілдік қызмет атқарды дей келіп, тек қазақ-ағылшын екітілдік аудармалар емес, үштілдік аударма ретінде қарастырып отырмыз. Сондықтан ағылшын тіліндегі шығармаларды орыс тілі арқылы қазақ тіліне аударғандықтан, орыс-қазақ әдеби байланыстары туралы айтамыз.

Қазақ әдебиетінің Мәскеудегі, орыс әдебиетінің Алматыдағы күндерін ұйымдастыру үрдісі XX ғасыр басынан басталып, ортасына дейін жалғасып жатты. Соңғы ширегінде мұндай байланыстар аймақтық деңгейдегі күндерге ауысты, яғни Қазақстан облыс орталықтарында орыс әдебиетінің күндері өте бастады. Ал XXI ғасырдың басында Қазақстан тәуелсіздігінің алған соң жеке мемлекет ретінде әдеби байланыстарды нығайтуға бағытталған жұмыстар жүргізілді. Бүгінде қазақ және әлем әдебиетінің байланысы күштірек. Тек орыс әдебиетімен ғана

байланысты емес, түркі халықтары әдебиетімен, француз, итальян, ағылшын әдебиеттерімен тікелей байланыста жұмыстар жүргізілуде.

Қазақстанда орыс әдебиетінің тарихы мен жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылығы арнайы зерттеліп, Ресей ғылыми орталықтарында қазақ әдебиетінің мәселелеріне қатысты ғылыми еңбектер жазылды.

Орыс-қазақ әдеби қатынастарының XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бірінші онжылдығы К.Ш. Кереева-Канафиева зерттеуіне арқау болды (Кереева-Канафиева, 1980: 280).

Қазақ-орыс әдеби байланыстарын зерттеген Е. Солтанаева қазақ және орыс әдебиетінің байланыстарына арналған еңбектерді талдай отырып, бұл саланы зерттеудің әдебиеттануымызда тұрақталған дәстүрлері бар екендігін баса айтқан жөн дей келіп, «1) қазақ-орыс әдеби байланыстарының белгілі кезең шеңберіндегі әдеби процеспен бірлікте арнайы зерттелуі; 2) қазақ және орыс әдебиетінің кейбір мәселелерінің әдеби байланыстар контекстінде зерттелуі; 3) Қазақстанда орыс әдебиетінің зерттелуі. Яғни бұл саланы зерттеудің әдебиеттануда осындай дәстүрлері орныққан» деген пікір білдіреді (Солтанаева, 2015: 219-224).

Орыс ғалымдары мен жазушылары қазақ қаламгерлерінің шығармашылық лабораториясына қызығушылық танытып, олардың шығармаларын әлем әдебиеті мәселелерімен тұтастыра қарастырған монографиялық еңбектері арқылы ғылыми байланыстарды нығайтып жатты. Мұндай тығыз ымыраластық екі елдің түрлі ресми, бейресми ұйымдары арасында, ғылыми орталарда, білім ордаларында, жеке тұлғалар деңгейінде жүзеге асты.

Әлем әдебиетін байланыстыратын *көркем аударма* деуімізге болады. Қазақ тіліне аударылған көркем аударма сол халықтың менталитетін білуге, кейде сіңіруге де алып келеді. Сондықтан, оны зерттеп, қандай шығармалар аударылу керектігін саралап, адамзатқа, оқырман қауымға сұранып тұрған шығармаларды аударып, әдеби байланысты күшейту керек деп ойлаймыз. Бұл ретте аударманы, оның

ішінде көркем аударманың сапасына баға беру, көлемін, ауданын, даму динамикасын, оны оқыту мәселелері арнайы қарастыруды қажет етіп отыр.

Қазақ-ағылшын әдеби байланыстары рухани сұқбаттың табысты өрістеуіне де жол ашады. Қос әдебиеттегі рухани идеялар, гуманистік идеялар, адамгершілік төңірегіндегі сұқбаттар, шығармашылық бәсекелестік мәселелері де әдеби байланыстың қозғаушы күшіне жатады. Аталған мәселелер төңірегіндегі үндестік те әлі күнге дейін сөз бола қойған жоқ.

Бүгінгі күні қазақ және орыс әдебиетінің байланыстарын зерттеудің әдебиеттануымызда қалыптасқан дәстүрлері бар. Қазақ-орыс әдеби байланыстарының саналуан мәселелері қазақ әдебиетін зерттеуші көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды. Мәселен, М.Әуезов, М.Фетисов, Л.Соболев, Е.Лизунова, З.Кедрина, И.Габдиров, Ш.Кереева-Қанафияева, М.Қаратаев, Н.Смирнова, Ш.Сәтбаева, С.Сейітов, З.Ахметов, Н.Нұрмағамбетова, П.Косенко, Н.Ровенский, М.Базарбаев, З.Қабдолов, С.Қирабаев, С.Қасқабасов, Ш.Елеуқенов, Т.Кәкішев, Н.Жуанышбеков, Б.Майтанов, В.Бадиков, Б.Мамраев, Р.Нұрғалиев, Т.Есембеков, Н.Сағындықова, С.Ананьева, Д.Қонаев, Р.Қайшыбаева, Р.Батырбекова, Р.Абишева секілді ғалымдарды атауға болады.

Осы бағытта қазақ әдебиетінің орыс әдебиетімен байланысын белгілі кезеңнің әдеби процесімен бірлікте арнайы зерттеу еңбектер жазған М.Фетисов, Ш.Кереева-Қанафияева, Ш.Сәтбаева, Б.Мамраев, Р.Батырбекова, С.Ананьева, Д.Қонаев секілді ғалымдарды атауға болады.

Әдеби байланыстардың теориясын, әдістемелік негізін сараптаған В.М.Жирмунский, М.П.Алексеев, Н.И.Конрад, Г.И.Ломидзе, И.Г. Неупокоева, М.Х.Маданова, Б.Б.Ысқақов, Ө.Күмісбаев, Б.Омаров, Р.Қайшыбаева және т.б. ғалымдардың іргелі еңбектері жарық көрді.

Соңғы жылдар салыстырмалы әдебиеттану мамандығы бойынша қорғалған диссертацияларда қазақ-орыс әдеби байланыстары арнайы зерттеу нысаны болған, дегенмен, қазақ және ағылшын тілінегі аударма туралы, яғни әдеби байланыс туралы арнайы зерттеулер аз. Біздің

болашақтағы зерттеу жұмысымыз, осы тақырыпқа арналмақ.

Қазақ әдебиетіне ағылшын прозасы көбірек аударылған. Сондай аудармалардың бірі – Э. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» туындысы. Р.Ж. Есбалаева «Шал мен теңіз» туындысындағы кейіпкерлер психологизмін талдайд. Бұл туындыны қазақ тіліне аударған – Н. Ғабдуллин. Мақала авторы: «Қазақ әдебиетіне Н. Ғабдуллиннің аудармасы арқылы кеңінен танымал Э. Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесіне үңілгенімізде балықшы шалдың психологиялық жай-күйі шығармада шебер бейнеленгенін байқаймыз. Алғашқы абзацта-ақ, балықшы шалдың қайығымен Гольфстримге күнде жалғыз шығып жүргені, шалдың теңізде сексен төрт күн бойы қармағына ештеңе іліктіре алмағаны баяндалады. Алғашқыда бір жарым айдай жанына бір бала серік болған еді, қолға балық түспеген соң баланың ата-анасы «жолын қырсық шалған сорлы-бейбақ» шалдың жанында жүргенін қаламай, басқа қайыққа ауыстырды. Сонда да, үмітін үзбеген шалдың ұшы қиыры көрінбейтін теңізге балық аулауға жалғыз шығуы – шығармадағы ситуациялық жағдайдан гөрі психологиялық күйді көрсетуге бағытталған туынды екенін аңғартады» (<https://adebiportal.kz/kz/news/view/22195>).

Жалпы адамзат баласына психологиялық ахуал ортақ болғандықтан, мұндай кейіпкерлер, оның күй-ахуалдары да ортақ болмақ. Қазақ прозасында да мұндай ортақтықтар кездеседі. «Қос жазушы да психологиялық көріністі бейнелеуде үлкен шеберлік танытқан. Э. Хемингуэйде Террассаға келген бір топ туристердің жағалауға шығып қалған акуланың қаңқасына қарап, «Tiburon» (теңіз қасқыры) - деп, таңқалуы, қарт балықшының қандай күшті бағындырғанын айқын колоритпен сипаттаған. Бұл көрініс Э. Кекілбаевта Еңсептің қазған құдығы жер асты теңізіне құятын арнаны тауып, өзінен өзге ешкім білмесе де мақсатына қол жеткізгенін байқауға болады. Сюжет шешімінде, «Еңсеп қазғаннан» таусылмайтын тұщы судың жаңбырсыз жылдары да тартылмастан лықылдап жатуы – Еңсеп образын биіктете түскендей. Шығарманың шарықтау шегінде жеңіс пен жеңілісті қатар сипаттап, антитезалық

қорытынды жасау - біз сөз еткен екі туындының да қайталанбас жетістігі» (<https://adebiportal.kz/kz/news/view/22195>).

Сонымен қатар қазақ әдебиетіне тікелей аудаылған көрем туындылар да бар. Атап айтар болсақ, Әділ Ахметовтің Агата Кристидің еңбектерін аударды. Түпнұсқадан тікелей аударуға А. Тәжитов, А.Ақжігітов, С.Сүлейменов сынды авторлар тікелей адармаға өз үлестерін қосты.

Біз өз зерттеуімізде аударманың екі түрін жіктеп көрсеткіміз келеді. Оның біріншісі – классикалық шығармаларды аудару, екіншісі – қазіргі әдеби шығармаларды аудару.

Дәурен Берікқажұлы өте өнімді түрде ағылшын тілінен тікелей адарма жасап жүр. «Бәрі-бәрі шағылысқан айнаға» (1830-1886); Р. Ходжсон «Есалаңдар көшесінде» (1871-1962); К. Сэндберг «Құрыштың дұғасы» (1878-1967); және дәл осындай 20-ға жуық көркем аудармалар жасаған.

Сонымен қатар тек ағылшын тілінен қазақ тіліне ғана аударылмаған, қазақ тіліндегі туындылардың ағылшын тіліне аударылу үдерісі де жүргізілген.

Соңғы жылдары бірталай қазақ жазушыларының еңбектері ағылшын тілінде жарық көрді. 2017 жылы британ аудармашылары Саймон Холлингсворт пен Саймон Гейган қазақ PEN клубының өтінішімен үш қазақ классигінің: Мұхтар Әуезов, Герольд Бельгер және Оралхан Бөкеевтің шығармалары аударылса, америкалық аудармашы Шелли Фэйрвезер-Вега Қазақстанның қазіргі заман қаламгерлерін оқырмандарға онлайн әдеби журналы арқылы таныстырып, тағы бір жобаны іске асырды. Қазақ аудармашысы Зәуре Батаева британ және америкалық әріптестерінен «Мәдениет порталы» үшін арнайы сұқбат алған еді.

Саймон Гейган: «Әуезовтің әңгімелері арқылы ағылшын тілді оқырмандар осы бір назардан тыс қалған алып аймақтың мәдениеті мен ландшафты, тарихы жайлы аса қызықты да терең түсінік алары анық. Ең бастысы, бұл жазушылар өздерінің әдеби ерекшеліктерінің арқасында заманауи және өткен заманның ең белгілі Батыс Еуропалық

жазушыларының қатарынан орын ала алады деп ойлаймын» дейді сұқбатында (<http://madeniportal.kz/article/1094>).

Шелли Фэйрвезер-Вега: Соңғы бірнеше жылда тек қана Орталық Азия әдебиетіне үңілу мүмкіндігіне ие болдым. Қазақстан, Өзбекстан және бүкіл осы аймақ жайлы ақпарат ағылшын тілінде сөйлейтін әлемде аз тараған. Менің елімдегі көптеген адамдардың санасында ежелгі өркениеттер туралы түсінік шектеулі. Шыңғыс хан, кеңестік ядролық сынақтар туралы бұлыңғыр түсініктері болуы мүмкін, бірақ одан басқа ештеңе жоқ деуге болады. Сондықтан, бір жағынан, біздің осы аймақтан аударған кез келген жобамыз сәттілік болып табылады және ол біздің аймақ туралы ақпараттық білімімізге үлкен үлес қосады» дейді. Бұл пікір біздің де көкейімізге қонады (<http://madeniportal.kz/article/1094>).

Сонымен қатар қазақ авторларын аударуда мынадай пікір білдіреді: «Зира Наурызбаеваның әңгімелері ғажап та әсерлі: оның оқиғалары оқырман жүрегінде өте күшті сезім тудырғанымен, прозасы шынайы сезім мен арзан сентименталдық арасындағы шекті ешқашан бұзбайды. Өз басым осы қаңтарда «Words Without Borders» журналынан ағылшын тілінде жарық көрген Айгүл Кемелбаева мен Зәуре Батаеваның әңгімелеріне ұқсас дүниелерді ешқашан оқыған емеспін. Олардың әлемде әлі ешкім айта қоймаған хикаялары бар. Мен осы жазушылардың барлығын әлі де аударма түсуден және олардың жұмысын бүкіл әлемге таныстырудан шаршамаспын» (<http://madeniportal.kz/article/1094>). Бұл пікір қазақ авторларының шығармаларының әлем халқына берері бар екенін көрсетеді. Деңгейінің төмен емес, керісінше жоғары екенінен хабар береді. Әлем әдебиетінде орны бар екенін білдіреді.

Қорытынды

Қорытындылай келгенде, қазақ-ағылшын әдебиетінің байланысы өзара теориялық, көркем аударма тұрғысынан өте жоғары десек те болады. Бұл байланыс өткен ғасырдың алғашқы кезеңдерінен бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Бірақ бұл байланыс әр кезеңде әртүрлі сипатта орын алған.

Алғашқыда орыс тіліне аударылған ағылшын әдеби шығармалары қазақ тіліне аударылса, бүгінде бұл шығармалар ағылшын тілінен тікелей аударылып жүр. Бұл қазақ-ағылшын әдеби байланыстарының нығайғанын көрсетеді. Бүгінгі күнде ағылшын әдебиетінен прозалық шығармалар көбірек аударылған. Екі жақты әдеби байланыс тек біржақты емес, қатар өрбуде, демек, тек ағылшын тіліндегі шығармалар ғана қазақ тіліне аударылып жатқан жоқ, сонымен қатар қазақ авторларының шығармалары да ағылшын тіліне аударылуда. Осылайша қазақ-ағылшын байланыстары жандануда.

Әдебиеттер

Ағылшын тіліне аударылып жатқан әдеби шығармалар.
<http://madenportal.kz/article/1094>.

ЕСБАЛАЕВА, Р.Ж. «Шал мен теңіз»: Прозадағы психологизм
<https://adebiportal.kz/kz/news/view/22195>
<https://adebiportal.kz/kz/news/view/22195>

КЕРЕЕВА-КАНАФИЕВА, К.Ш. (1980). Русско-казахские литературные отношения (вторая половина XIX века – первое десятилетие XX века). - Алматы: Казахстан.

СОЛТАНАЕВА, Е. (2015). Қазақ-орыс әдеби байланыстар тарихын зерттеудің мәселелері. БҚМУ Хабаршысы №4-ж.

